

Өнеркәсіптік жарылғыш материалдар өндіру және онымен Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік реттеу мәселелері

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1996 жылғы 24 қазан N 1296. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 11 шілдедегі N 763 ~ Р020763 қаулысымен.

1996-1998 жылдарға арналған реформаларды тереңдету жөніндегі Қазақстан Республикасы Үкіметінің іс-қымыл бағдарламасына сәйкес және өнеркәсіптік жарылғыш материалдар өндіру және онымен Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын қамтамасыз ету саласындағы мемлекеттік басқаруды сақтау мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті:

"Жарылыш" мемлекеттік компаниясының қоса беріліп отырған тізбеке сәйкес мемлекеттік кәсіпорындардың мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқығын тоқтатсын;

оның ұйымдық-құқықтық нысандарын қолданылып жүрген заңдарға сәйкес келтіру туралы мәселені "Жарылыш" мемлекеттік компаниясы акционерлерінің жалпы жиналысына енгізсін.

2. Өнеркәсіптік жарылғыш материалдарын өндіру және онымен Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын қамтамасыз ету жөнінде Республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Республикалық мемлекеттік кәсіпорын), олардың еншілес кәсіпорындарымен қоса "Жарылыш" мемлекеттік акционерлік компаниясының және қоса беріліп отырған тізбеде санамаланған мемлекеттік кәсіпорындардың басқару аппараты мемлекеттік мүлкінің жергілікті жерлердегі базасында құрылсын.

3. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлікті басқару жөніндегі мемлекеттік комитеті, Қазақстан Республикасының Жекешелендіру жөніндегі мемлекеттік комитеті қоса беріліп отырған тізбедегі 1-10 рет нөмірлерімен санамаланған мемлекеттік кәсіпорындарды, олардың ерекшеліктерін ескере отырып, 1997 жылдың аяғына дейін жекешелендіру тәртібін әзірлесін.

4. Республикалық мемлекеттік кәсіпорнына мынадай міндеттерді орындау жүктелсін:

Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын өнеркәсіптік жарылғыш

материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекетаралық кешенді бағдарламаларды жүзеге асыру;

өнеркәсіптік жарылғыш заттарды, оларды арнаулы кәсіпорындарда, сондай-ақ жарылғыш заттары кәсіпорындар-пайдаланушылар тұтынатын жерлерде жасау үшін жабдықтар мен кешендер өзірлеу, сынау және қолдану жөнінде нормативтік-техникалық және жобалау құжаттамасын сараптау;

жаңа өнеркәсіптік жарылғыш заттарға зерттеу, өзірлеу және сынақ жүргізу;

өнеркәсіптік жарылғыш материалдарды жасауға және тұтынуға байланысты өндірістерді жобалау;

өнеркәсіптік жарылғыш заттарды жасау.

5. Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның уәкілетті органы болып Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Өнеркәсіп және сауда министрлігі бір ай мерзім ішінде Республикалық мемлекеттік кәсіпорынның жарғысын бекітсін, оның басшыларын тағайындалап, мемлекеттік тіркеу жүргізсін.

7. Қазақстан Республикасының Экономика министрлігі Қазақстан Республикасы Өнеркәсіп және сауда министрлігінің ұсынуы бойынша Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын өнеркәсіптік жарылғыш материалдарымен қамтамасыз ету жөніндегі Мемлекетаралық кешенді бағдарламаны жүзеге асыру үшін 1996-2000 жылдарға арналған мемлекеттік инвестициялық бағдарламаларда қаражат көздейтін болсын.

8. "Жарылғыш материалдар өндірісін ұйымдастыру және онымен Қазақстан Республикасының кәсіпорындарын қамтамасыз ету шаралары туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 19 қантардағы N 78 қаулысының 2 және 3-тармақтарының (Қазақстан

Республикасының ПУАЖ-ы, 1994 ж., N 5, 43-құжат);

"Жарылыс" мемлекеттік акционерлік компаниясының президенті және Байқаушы кеңесі туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1994 жылғы 31 наурыздағы N 312 қаулысының күші жойылған деп танылсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

1996 жылғы 24 қазандағы

N 1296 қаулысына

қосымша

"Жарылыс" мемлекеттік акционерлік компаниясы
мұліктерін иелену, пайдалану және басқару құқығын
тоқтататын мемлекеттік кәсіпорындардың
ТІЗБЕСІ

Рет	Атауы	Орналасқан жері
саны		

Аумақтық-өндірістік
басқарма:

- | | |
|--|------------------|
| 1. "Ақмолавзрывпром" | Ақмола қаласы |
| 2. "Алматывзрывпром" | Алматы қаласы |
| 3. "Востоквзрывпром" | Өскемен қаласы |
| 4. "Жезказганвзрывпром" | Жезқазған қаласы |
| 5. "Запказвзрывпром" | Ақтөбе қаласы |
| 6. "Карагандавзрывпром" | Қарағанды қаласы |
| 7. "Көкшетаувзрывпром" | Көкшетау қаласы |
| 8. "Костанайвзрывпром" | Костанай қаласы |
| 9. "Югвзрывпром" | Шымкент қаласы |
| 10. "Тоннельспецстрой" | Алматы қаласы |
| 11. "Бастама" шағын мемлекеттік
кәсіпорын | Алматы қаласы |
| 12. Жару жұмыстарының қазақ
мемлекеттік ғылыми-өндірістік
орталығы | Алматы қаласы |